

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 1-беті
-------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

Бекітемін

Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі

Г.С. Жетесова

2022 ж.



ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДІ РӘСІМДЕУ

ЕРЕЖЕСІ

ЕР Х-01-2022

Әзірлеген: АМД директоры

Ударцева С.М.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 2-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, белгілер және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5	Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны	5
6	Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны және ресімделуі	5
7	Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	10
8	Қолжетімділікті қамтамасыз ету	10
9	Сақтау	10
10	Талдау және өзектендіру	10
11	Өзгерістер енгізу	10
	А қосымшасы Оқу жұмыс бағдарламасын рәсімдеу үлгісі (syllabus)	11
	Б қосымшасы Пән бойынша студенттердің білімін қорытынды бақылау материалдарын рәсімдеу үлгісі	19
	В Қосымшасы Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан бағдарламасын ресімдеу үлгісі	22
	Г қосымшасы Келісу парағы	26
	Д қосымшасы Танысу парағы	27

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 3-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

1 Қолдану саласы

Осы Ереже кредиттік оқыту технологиясын іске асыру жағдайында оқу-әдістемелік кешеннің мақсатын, міндеттері мен сипаттамаларын айқындайды, модульдің оқу-әдістемелік кешенінің құрамына кіретін құжаттаманы құруға және рәсімдеуге қойылатын біріздендірілген талаптарды қамтиды, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін белгілейді.

Осы Ережені (ЕР) құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылар құрамы, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) барлық факультеттерінің бірлескен қызметкерлері мен студенттері қолданады және сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережені қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҚР СТ ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар қызметінің үлгілік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген.

ҚР Х-01-2022 «Құжатталған ақпаратты басқару».

3 Терминдер, белгілер және қысқартулар

Осы Ережеде ҚР СТ ISO 9000-2017 (ISO 9000:2015) сәйкес терминдер мен анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

- **аралық аттестаттау (Final Examination)** – ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау түрлерінің нәтижелерін жиынтық есепке ала отырып, білім алушылардың пәнді меңгеруінің табыстылығын кешенді бағалау;

- **білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination)** – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 4-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

- **білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау** – нақты пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін әртүрлі түрдегі бақылау тапсырмалары (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық жұмыстар, портфолио, ауызша сауалнамалар, емтихандар және т. б.) негізінде тексеру; бақылау ағымдағы, аралық және қорытынды болып бөлінеді;

- **білім алушының өзіндік жұмысы – БӨЖ (Independent Study)** - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар және есептер түрінде бақыланатын тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша қызмет;

- **білім беру бағдарламасының (пәннің) оқу-әдістемелік кешені (ОӘК)** – білім беру бағдарламасының (пәннің) табысты игерілуіне ықпал ететін негізгі оқу-әдістемелік құжаттар пакеті;

- **кредит, кредит-сағат (Credit, Credit-hour)** - білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

- **курс саясаты** – пәнді оқу процесінде студентке қойылатын талаптар;

- **оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы - СӨЖ (Office Hours)** - білім алушының санатына байланысты кестеде көрсетілген оқытушының жетекшілігімен білім алушының аудиториядан тыс қызметі;

- **пән коды** - оқу жоспарының әрбір пәніне әріптік және цифрлық символдарға сәйкес белгі беру;

- **пәннің сипаттамасы (Course Description)** - пәннің қысқаша сипаттамасы, оның мазмұны туралы түсінік береді;

- **постреквизиттер (Post requisite)** – игеру барысында осы пәнді оқу барысында алынған білім пайдаланылатын келесі пәндер тізбесі;

- **пререквизиттер (Prerequisite)** - оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті алдыңғы пәндердің тізбесі;

- **силлабус (Syllabus)** – оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оқу ұзақтығын, са-дәрежелі жұмыс тапсырмаларын, пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын пәннің жұмыс оқу бағдарламасы.

- **үлгерімді ағымдағы бақылау** – оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы жүргізетін пәннің әрбір тақырыбы және/немесе бөлімі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру;

- **үлгерімді межелік бақылау (Midterm Examination)** – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес оқу сабағын жүргізетін оқытушы білім алушылардың оқу жетістіктерін мерзімді тексеру;

Осы стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

АА – аралық аттестаттау;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 5-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

АМ- академиялық мәселелер;
 ӘН – әдістемелік нұсқаулар;
 БББ ОӘК - білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешені;
 БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы;
 БРЖ – балдық-рейтингтік жүйе;
 ЖОЖ – жеке оқу жоспары;
 ҚА – қорытынды аттестаттау;
 ҚР – құжатталған рәсім;
 ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты;
 МБ – межелік бақылау;
 ОӘК - оқу-әдістемелік кешені;
 ОБ – орташа балл;
 ОБӨЖ - оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы;
 ПОӘК - пәннің оқу-әдістемелік кешені;
 СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
 СМ және АО – сапа менеджменті және аккредиттеу орталығы;
 СМЖ – сапа менеджменті жүйесі.

4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (СБӨ) осы Ережені (ЕР) бекітеді.

4.2, Осы ҚР көрсетілген талаптарды енгізу үшін сапа жөніндегі басшылықтың өкілі (СБӨ) жауапты болады.

4.3 Осы Ереже талаптарын әзірлеу үшін, олардың ҚР Х-01-2022 талаптарына сәйкестігі үшін әзірлеуші жауапты болады.

4.4 ҚР Х-01-2022 сәйкес осы Ережені басқару жауапкершілігі әзірлеушіге жүктеледі.

5 Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны

5.1 БББ ОӘК келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

- үлгілік оқу жоспары;
- элективті пәндер каталогы;
- оқу жұмыс жоспары;
- дипломдық жобаны (жұмысты) орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;
- кәсіби практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары;
- оқу, өндірістік және дипломалды практикадан өту бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихандардың бағдарламасы мен билеттері;
- кітапхана қоры туралы ақпарат;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 6-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

6 Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны және рәсімделуі

6.1 ПОӘК оқу процесін ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етудің негізі болып табылады және келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- білім беру бағдарламасының білім беру бағдарламасындағы оқу пәнінің орны мен рөлін анықтау;

- білім беру бағдарламасының пәнаралық логикалық байланыстарын жүзеге асыру;

- оқу уақытын оқу сабақтарының тақырыптары мен түрлері бойынша бөлу; аудиториялық және аудиториядан тыс уақытта студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру;

- студенттердің танымдық және шығармашылық қызметін жандандыру; оқу және зерттеу процестерінің өзара байланысын қамтамасыз ету;

- пән бойынша жеке нысандарда (жазбаша, ауызша, тестілік) ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау және оқу кезеңінде өзін-өзі бақылау арқылы пәнді меңгеру деңгейін анықтау.

ПОӘК төмендегіні қамтуы керек:

- үлгілік оқу бағдарламасы (пән үшін міндетті компоненттен);

- силлабус (syllabus);

- дәрістік кешен (дәріс тезистері; иллюстрациялық және үлестірмелі материалдар; ұсынылатын әдебиеттер тізімі);

- зертханалық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар;

- практикалық (семинар) сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар;

- есептік-графикалық, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар (бар болса);

- пән бойынша білімді ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау материалдары (жазбаша, бақылау тапсырмалары, тест тапсырмалары, рефераттар, эсселер және т. б., емтихан билеттері);

- пән бойынша электрондық оқыту ресурстары (пән мазмұнына байланысты электрондық оқулық, слайд-дәріс, бейне-дәріс, виртуалды зертханалық кешен және т. б.);

6.2 ПОӘК құжаттарының мазмұны мен нысандары

6.2.1 Силлабус (syllabus)

Силлабус негізгі құжат болып табылады, оған сәйкес ЖОО оқу пәнін оқыту жүзеге асырылады және оқу процесін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді құру үшін негіз болып табылады. Силлабус оқу жұмыс жоспарына сәйкес және міндетті компонент пәндері үшін қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әрбір оқу пәні бойынша әзірленеді.

Силлабус әзірлеуді кафедраның жетекші оқытушылары жүзеге асырады. Силлабус кафедра отырысында талқыланады, бітіруші кафедрамен келісіледі және факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитетімен мақұлданыуы тиіс.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 7-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

Силлабусты Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

Силлабус оқытушылар туралы мәліметтерді, оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды зерделеу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, оқытушының талаптарын, бағалау өлшемшарттарын, пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесін, курстық жобалардың (жұмыстардың) нұсқаларын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтиды.

Силлабус қосымшаға сәйкес бөлімдер мен бөлімдерді қамтуы керек, бөлімдердің нөмірленуі өзгермейді. Қандай да бір жұмыс түрі болмаған жағдайда «Жұмыс оқу жоспарында көзделмеген» деп жазылады. Екі жақты басып шығаруға, бір бетте екі парақты басып шығаруға рұқсат етіледі, 12 каріп.

6.2.2 Дәрістік кешен

Дәрістік кешен дәрістер тезистері, дәрістер конспектісі немесе оқу құралы түрінде ұсынылуы мүмкін.

6.2.3 Пән бойынша зертханалық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес орындалуы және келесі құрылымдық элементтерді қамтуы тиіс:

- негізгі бет;
- жұмыстың мақсаты;
- жабдықтар, техникалық және аспаптық құралдар;
- жұмысты орындау тәртібі;
- студенттің есеп беру ережелері;
- бақылау сұрақтары;
- ұсынылатын әдебиеттер тізімі;

Зертханалық жұмыстарға арналған ӘН кафедра отырысында қаралады және кафедра меңгерушісі бекітеді.

РББ арқылы басып шығарылған жағдайда зертханалық жұмыстарға арналған ӘН ЕР Х-05-2022 сәйкес ресімделуі тиіс.

6.2.4 Пән бойынша практикалық және семинарлық сабақтарға арналған ӘН оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес орындалуы тиіс және мынадай құрылымдық элементтерден тұруы тиіс:

- негізгі бет;
- сабақтың мақсаты;
- сабақтың жоспары;
- практикалық (семинарлық) сабақтарға арналған тапсырмалар;
- бақылау сұрақтары;
- ұсынылатын әдебиеттер тізімі;

Практикалық (семинарлық) сабақтарға арналған ӘН кафедра отырысында қаралады және кафедра меңгерушісі бекітеді,

РББ арқылы басып шығарылған жағдайда практикалық (семинарлық)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 8-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

сабақтарға арналған ӘН ЕР Х-05-2022 сәйкес рәсімделуі тиіс.

6.2.5 Есептік-графикалық, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау бойынша ӘН. Есептеу-графикалық жұмыс, курстық жоба (жұмыс) студенттің өзіндік жұмысы болып табылады және оның осы пән бойынша алған білімдерін жинақтайды.

Есептік-графикалық, жобалық жобаларды (жұмыстарды) орындау жөніндегі ӘН мынадай элементтер болуы тиіс:

- негізгі бет;
- кіріспе;
- тапсырмалар тізімі;
- есептік-графикалық жұмыстың барлық бөлімдерін және курстық жобаны (жұмысты) орындау бойынша толық әдістемелік ұсынымдар;
- курстық жобаның (жұмыстың) түсіндірме жазбасының және графикалық бөлігінің мазмұны;
- ұсынылған әдебиеттер тізімі.

Есептік-графикалық, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау жөніндегі ӘН кафедра отырысында қаралады және кафедра менгерушісі бекітеді.

РББ арқылы басып шығарылған жағдайда есептік-графикалық, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау жөніндегі ӘН ЕР Х-05-2022 сәйкес рәсімделуі тиіс.

6.2.6 Пән бойынша білімді ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау кезінде білімді бақылауға арналған материалдар және қорытынды аттестаттау

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін бақылау және аттестаттау нысандары көзделеді. Білім алушылардың білімін бақылау мен бағалаудың барлық кешені пән бойынша ағымдағы, межелік, қорытынды бақылауды және қорытынды аттестаттауды өткізуді көздейді.

Пәнді оқу кезінде білім алушылардың білімін ағымдық және МБ әртүрлі түрлері көзделуі мүмкін:

- 1) ауызша сауалнама - пәннің бір немесе бірнеше бөлімдері бойынша материалды зерделегеннен кейін сұрақтарға жауап беру және жағдайларды талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;
- 2) жазбаша сауалнама – қойылған сұрақтармен, мәселелерді шешумен, жағдайларды талдаумен, пәннің жекелеген бөлімдері бойынша практикалық тапсырмаларды орындаумен жұмысты көздейтін бақылау;
- 3) аралас сауалнама – бір немесе бірнеше тақырыптар бойынша білімді бағалаудың ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде пайдалануды көздейтін бақылау;
- 4) үй тапсырмаларын қорғау және таныстыру – жеке немесе топтық үй тапсырмалары бойынша олардың дұрыс орындалуын тексеру, өткен

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 9-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------

материалды жалпылау және оны көпшілік алдында ұсыну, пән тақырыптары арасындағы логикалық байланысты қадағалау мақсатында білімді бақылау;

5) пікірталас, тренингтер, дөңгелек үстелдер және т. б. – дербес ойлау дағдыларын көрсетуге және шешім қабылдай білуге мүмкіндік беретін проблемалық сипаттағы топтық талқылау;

6) тестілер – қойылған сұрақтар түріндегі пәннің жеке бөлімдері бойынша бақылаудың жазбаша нысаны;

7) курстық жобалау, есептеу-графикалық және оқу жұмыстарын орындау-практикалық мәселелерді шешу есебінен теориялық материалды сапалы меңгеру мақсатында пәннің үлгілік және оқу жұмыс бағдарламаларына сәйкес көзделеді, оқу кезені ішінде орындалады.

Білім алушылардың білімін МБ дәріскер академиялық кезең ішінде 8-ші (бірінші межелік бақылау) және 15-ші (екінші межелік бақылау) апталарда бекітілген кестеге сәйкес жүргізеді. Білімді ағымдағы және аралық бақылау мониторингін деканат пен тіркеуші кеңсесі жүзеге асырады.

Пән бойынша ағымдағы және аралық бақылау материалдарының мазмұнын және олардың нысанын жетекші оқытушы анықтайды.

Барлық пәндер бойынша пән бойынша аралық аттестаттау - емтихан өткізіледі. Емтиханды өткізу нысандары: компьютерлік немесе бланктік тестілеу, жазбаша немесе ауызша емтихан.

Пән бойынша АА материалдарының мазмұнын жетекші оқытушы әзірлейді, кафедра отырысында қаралады және кафедра меңгерушісі бекітеді. Емтихан материалдарының ұсынылатын дизайны В қосымшасында келтірілген.

Кешенді емтихандардың бағдарламалары білім беру бағдарламаларының негізгі пәндері бойынша кафедраның жетекші оқытушыларымен әзірленеді, факультеттің кафедра және сапаны қамтамасыз ету Комитетінің отырыстарында қаралады, академиялық кеңесте талқыланады, басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

Кешенді емтихан бағдарламалары студенттер үшін қолжетімді болуы және университет пен «Univer 2.0» АЖ сайтында орналастырылуы тиіс.

Білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихандардың бағдарламаларын рәсімдеу В қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды аттестаттау шеңберінде кешенді емтихандар бойынша билеттер В қосымшасына сәйкес әзірленеді және оларды басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі Проректор бекітеді.

6.2.7 Электрондық оқу басылымын оқытушылар әзірлейді, оқу жұмыс бағдарламасына және ЭН V-10-2022 сәйкес келуі тиіс.

6.2.8 Дипломдық жобаға (жұмысқа) арналған ЭН V-07-2022 сәйкес көрсетілуі тиіс.

РББ арқылы басып шығарылған жағдайда дипломдық жобалауға арналған ЭН ЕР Х-05-2022 рәсімделуі тиіс.

6.2.9 Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың практиканың

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 10-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

барлық түрлерінің бағдарламалары (бұдан әрі – практика бағдарламалары) оқу жұмыс жоспарларына сәйкес келуі тиіс.

6.3 Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуді кафедраның жетекші оқытушылары жүзеге асырады, кафедрада оқытылады (оқытылады), бітіруші кафедрамен келісіледі (қажет болған жағдайда) және факультеттің сапасын қамтамасыз ету комитетімен бекітіледі).

7 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Осы Ережені келісу басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі Проректормен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (Б қосымшасы) ресімделеді.

Құжатты бекіту/келісу күні құжатты енгізу күні болып есептеледі. Құжат бекітілген сәтте күшіне енеді.

8 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Бөлімшелерді осы Ереже даналарымен қамтамасыз ету сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

9 Сақтау

Осы Ережені сақтау ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

10 Талдау және өзектендіру

Осы Ережені тексеру, талдау және өзектендіру ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

11 Өзгерістер енгізу

Осы Ережеге өзгерістер енгізу ҚР Х-01-2022 сәйкес жүргізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 11-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасы
(анықтамалық)

Оқу жұмыс бағдарламасын (syllabus) рәсімдеу үлгісі

«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Бекітемін»
Басқарма мүшесі –
академиялық мәселелер
жөніндегі Проректор
_____ А.М. Темербаева
_____ 2022 ж.

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

_____ пәні
(код - атауы)
_____ модулі
(код – атауы)
_____ білім беру бағдарламасы
(шифр - атауы)

Өзірлеген (дер) _____ «__» _____ 20__ ж.
(қолы) (Аты-жөні)

_____ кафедра отырысында талқыланды

№ _____ хаттама «__» _____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ «__» _____ 20__ ж.
(қолы) (Аты-жөні)

_____ факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдады

№ _____ хаттама «__» _____ 20__ ж.

Төраға _____ «__» _____ 20__ ж.
(қолы) (Аты-жөні)

_____ кафедрасымен келісілді
(кафедраның атауы)

Кафедра меңгерушісі _____ «__» _____ 20__ ж.
(қолы) (Аты-жөні)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 12-беті
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

1 Оқытушы туралы мәліметтер және байланыс ақпараты

Аты-жөні _____

Ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы _____

_____ кафедрасы _____ корпусында орналасқан (Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 56), _____ аудитория, байланыс телефоны _____ іш. _____, e-mail.

2 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Оқыту түрі	Семестр	Кредиттер саны	Дерістер	Семинар /практикалық жұмыстар	Зертханалық жұмыстар	Емтихан	СӨЖ, сағат	Байланыс сағаттарының саны	СӨЖ	барлығы, сағат
Күндізгі	4	5	15	15	15	5	15	65	85	150
ТжКБ негізінде күндізгі										
ЖБ негізінде күндізгі										

Ескерту. Кестеде мысал ретінде дәрістер, семинарлар, зертханалық сабақтардан тұратын 5 кредиттік пәнге арналған ұпайлар келтірілген. «Емтихан» бағанында бақылау нысанын жазу (Емтихан, КЖ, КЖ, ТТ).

3 Пәннің сипаттамасы

« _____ » пәні _____ пәндер цикліне кіреді

4 Пәнді оқытудың мақсаты

« _____ » пәні _____ мақсат қояды.

5 Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей:

- _____;
- _____;

6 Пәнді оқу нәтижелері

Осы пәнді оқығаннан кейін студент/магистр/докторант:

- 6.1 _____;
- 6.2 _____;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 13-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

7 Пререквизиттер

Бұл пәнді оқу үшін келесі пәндерді меңгеру қажет:

8 Постреквизиттер

_____ пәнін оқытуда алынған білім, келесі пәндерді игеруде қолданылады: _____.

9 Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің атауы, (тақырыптың)	Сабақ түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағат				
	Дәрістер	Семинар /практикалық жұмыстар	Зертханалық жұмыстар	СОӨЖ	СӨЖ
1					
2					
3					
Барлығы					

Ескерту: ТжКБ және ЖБ негізіндегі күндізгі бөлімде оқу нысаны үшін сағатты бөлшек арқылы қою керек (мысалы, 2/1).

10 Семинарлар/практикалық жұмыстар тізімі

Семинарлар/практикалық жұмыстар атауы	Сағат саны
1	
2	
Барлығы	

Ескерту: ТжКБ және ЖБ негізіндегі күндізгі бөлімде оқу нысаны үшін сағатты бөлшек арқылы қою керек (мысалы, 2/1).

11 Зертханалық жұмыстар тізімі

Зертханалық жұмыстар атауы	Сағат саны
1	
2	
Барлығы	

Ескерту: ТжКБ және ЖБ негізіндегі күндізгі бөлімде оқу нысаны үшін сағатты бөлшек арқылы қою керек (мысалы, 2/1).

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 14-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

12 Курстық жобаларды (жұмыстарды) орындауға арналған тапсырмалардың тақырыптары мен нұсқалары

- 1 _____
- 2 _____
- 3 _____

Ескерту: Курстық жобаларға (жұмыстарға) арналған тапсырмалардың нұсқаларын кодтау қағидаларын және студенттерге олардың тандауы бойынша ұсынымдарды оқытушылар әзірлейді.

13 СӨЖ арналған бақылау тапсырмаларының тақырыптары

- 1 _____
- 2 _____

14 Студенттің/магистранттың/докторанттың оқытушымен өзіндік жұмысының тақырыптық жоспары

СОӨЖ тақырыбының атауы	Сабак мақсаты	Сабакты өткізу түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиет

15 Критерийлер және бағалау саясаты

15.1 Бағалау шкаласы

Баға	Сандық эквивалент	Балл (% мөлшері)
A	4,0	95-100
A-	3,67	90-94
B+	3,33	85-89
B	3,0	80-84
B-	2,67	75-79
C+	2,33	70-74
C	2,0	65-69
C-	1,67	60-64
D+	1,33	55-59
D	1,0	50-54
FX	0,5	25-49
F	0	0-24

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 15-беті
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

15.2 Пән бойынша қорытынды баға межелік бақылаулар (60% дейін) және аралық аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде айқындалады және 100% дейінгі мәнді құрайды.

Жұмыс түрлері	Академиялық оқу кезеңі, апта															Барлығы, % 1РК+2РК		
	1	2	3	4	5	6	7	Сумма РК1	8	9	10	11	12	13	14		Сумма РК2	15
Дәрістерге қатысуы	1		1		1		1	4	1		1		1		1	4		8
Семинарларға/ практикалық жұмыстарға қатысуы	1		1		1		1	4	1		1		1		1	4		8
Зертханалық жұмыстарға қатысуы	1	1	1	1	1	1	1	7		1	1	1	1	1	1	7		14
Зертханалық жұмыстар			4	5	5	5	6	25	-	5	8	5	2	5	5	25		50
Практикалық тапсырмалар	4		4		4		4	16		4		4		4	4	16		32
Блиц - сауалнама	3		3		3		3	12	3		3		3		3	12		24
Модуль							12	12							12	12		24
СОӨЖ			4	4	4	4	4	20		4	4	4	4		4	20		40
МБ бойынша барлығы								100								100		200
МБ бойынша көрсеткіштер сомасы																		60
Емтихан/ Курстық жұмыс/ЕГЖ (барлығы)																		40
Барлығы																		100

1-ескерту Кесте пән несиелерінің санына, оның толықтығына және оқытушы белгілеген жұмыс түрлеріне байланысты толтырылуы керек.

2-ескерту Оқытушы студенттің жұмыс түрінің күрделілігі мен көлеміне байланысты әр жұмыс түрінің нақты санын (салмақ баллын) кестеге қоюы керек. Мысал ретінде дәрістер, семинарлар, зертханалық сабақтардан тұратын 5 кредиттік пәнге арналған ұпайлар келтірілген. Қорытынды бақылау: курстық жұмыс және емтихан.

15.3 Бағалау саясаты

Зертханалық жұмыстар/семинарлар/практикалық жұмыстар

№	Критерий	Меншікті салмақ	Пікір	Жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар
1	Орындау және рәсімдеу	30%		
2	Тапсыру мерзімі	10%		
3	Бақылау сұрақтарына жауап	30%		
4	Берілген тақырып бойынша мәселені шешу	30%		

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 16-беті
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

Курстық жұмыс

№	Бағалау критерийі	Меншікті салмақ	Пікір	Жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар
1	Орындау және рәсімдеу	30%		
2	Тапсыру мерзімі	10%		
3	Мазмұны (барлық тармақтардың орындалуы)	30%		
4	Есептердің дұрыстығы (болған жағдайда)	30%		

Модуль

Тестілеу нәтижелері тест тапсырмаларының санына байланысты автоматты түрде жасалады

1-Ескерту «Бағалау критерийі» «Меншікті салмақ» оқытушы анықтайды.

2-Ескерту «Пікір», «Жұмысты жетілдіру бойынша ұсынымдар» студентке жұмысты бағалағаннан кейін толтырылады және беріледі.

3-Ескерту Мысал ретінде жұмыстың екі түрі келтірілген.

16 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Жұмыстар түрлері	Тақырып № (дәріс, зертханалық, практикалық жұмыс, семинар). Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Есептік түрі	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі	Орындалған жұмыс үшін баллдар	Күтілетін нәтижелер
		[_], [_], [_], дәріс конспектісі		Ағымдағы	___ апта		6.1-6....
				Ағымдағы	___ апта		6.2, ...
				Межелік	___ апта		
Емтихан	Пән материалын меңгеруін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің барлық тізімі		Аралық	Сессия кезеңінде		6
Барлығы							

Ескерту: Күтілетін нәтижелер б-т. сілтемемен толтырылады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 17-беті
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

А қосымшасының жалғасы

17 Пәннің саясаты мен рәсімдері

_____ мәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды сұраймын:

17.1 Сабаққа кешікпеу.

17.2 Сабақты себепсіз босатпау үшін, ауырған жағдайда анықтама, басқа жағдайларда түсіндірме жазбаны ұсынуыңызды сұраймын.

17.3 Студенттің міндетіне сабақтың барлық түрлеріне қатысу кіреді.

17.4 Оқу процесінің күнтізбелік кестесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.

17.5 Босатылған практикалық және зертханалық сабақтарды оқытушы көрсеткен уақытта тапсырады.

17.6 Барлық жұмыс түрлерін орындау кезінде 15.3 тармағына жүгіну

18. Академиялық парасаттылық (адалдық)

18.1 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес академиялық парасаттылық – бұл білім беру процесіне қатысушылардың және білім беру мекемелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын, кәсіптік ортаны қалыптастыратын және нығайтатын, оларға осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі.

18.2 Академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылады.

18.3 Білім алушылар академиялық адалдық қағидаттарын адал сақтауға міндетті.

18.4 «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ студенттерінің, магистранттарының және докторанттарының Ар-намыс кодексіне сәйкес (Кодекс) академиялық тәртіп бұзушылық (Академиялық немқұрайлық) білім алушы:

- а) басқа адамнан рұқсат алмай немесе оның жұмысына сілтеме жасамастан оның жұмысын немесе күш-жігерін өзіне иеленуге тырысу ("плагиат");
- б) оқу тапсырмаларын орындау кезінде рұқсат етілмеген материалдарды немесе жалған деректерді пайдалану;
- в) академиялық құжаттарды немесе үлгерім ведомостарын қолдан жасау немесе бұрмалау;
- г) басқа білім алушылардың академиялық жұмысына қасақана кедергі келтіру немесе оны бұзу;
- д) жалған ақпарат беруге бағытталған іс-әрекеттерді жасау;
- е) емтиханда немесе тапсырмаларды орындау кезінде кез-келген түрде

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 18-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

көшіріп алумен айналысу;

ж) басқа білім алушыларға сипатталған әрекеттердің кез келгенін жасауға жәрдемдесу әрекеттерін білдіреді.

18.5 Кодекс білім алушының академиялық бұзушылықтары үшін жауапкершілік шараларын анықтайды, олар:

- ауызша ескерту;
- жұмыстың және/немесе қойылған бағаның күшін жою;
- бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарды қорғауға жібермеу;
- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ шығару.

19 Әдебиеттер тізімі

- 1 _____
- 2 _____

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 19-беті
-------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Б қосымшасы
(анықтамалық)

**Пән бойынша студенттердің білімін қорытынды бақылау материалдарын
рәсімдеу үлгісі**

**ПӘН БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН ҚОРЫТЫНДЫ
БАҚЫЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

_____ пәні
(пәннің коды-атауы)

_____ модулі
(код-атауы)

_____ білім беру бағдарламасы
(шифр-атауы)

_____ факультеті

_____ кафедрасы

Әзірленген: _____

_____ кафедра отырысында талқыланды
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20 _____ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ « _____ » _____ 20 _____ ж.
(қолы) (ТАӘ)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 20-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Б қосымшасының жалғасы

1-бөлімге сұрақтар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

2-бөлімге сұрақтар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

.....

N бөліміне сұрақтар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. _____
2. _____

ЕСКЕРТУ. Бұдан әрі студенттердің білімін қорытынды бақылау материалдары негізінде осы пән бойынша емтихан билеттері әзірленеді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 21-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Б қосымшасының жалғасы

МЫСАЛ: ЕМТИХАН БИЛЕТІН РӘСІМДЕУ

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Емтихан билеті

_____ кафедрасы

(атауы)

_____ пәні

(атауы)

_____ білім беру бағдарламасы

(шифр- атауы)

1. _____

2. _____

3. _____

Каф. меңгерушісі _____ Әзірлеген _____

(қолы, ТАӘ)

(қолы, ТАӘ)

Бекітілді: Хаттама № _____ 20__ ж.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 22-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

**В қосымшасы
(анықтамалық)**

Кешенді емтихан бағдарламасын рәсімдеу үлгісі

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бекітемін»
Басқарма мүшесі –
академиялық мәселелер
жөніндегі Проректор
_____ А.М. Темербаева
_____ 20__ ж.

**№ _____ кешенді емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ**

_____ білім беру бағдарламасы
(шифр – атауы)
_____ факультеті
(атауы)
_____ кафедрасы
(атауы)

Әзірленген: _____

_____ кафедра отырысында талқыланды
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20__ ж.
Каф. меңгерушісі _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы) (ТАӨ)
_____ факультеттің сапаны
қамтамасыз ету комитетінің отырысында талқыланды
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20__ ж.
Төрағасы _____ « _____ » _____ 20__ ж.
(қолы) (ТАӨ)
Академиялық кеңесінде талқыланды
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20__ ж.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 23-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

В қосымшасының жалғасы

Кіріспе

Шифр-ББ атауы _____ бағыты бакалаврларды даярлаудың білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері: _____

_____ білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан шифр – ББ атауы жазбаша / тест түрінде келесі пәндер бойынша өткізіледі:

- _____;
- _____;
- _____.

Емтихан тапсырмасы әр пән бойынша _____ сұрақтан/тест тапсырмасынан тұрады.

1 _____
Пән атауы

Пән мазмұны

Пән бойынша келесі тақырыптар оқытылады:

1 тақырып. _____
атауы

1.
Ұсынылатын әдебиеттер:

2 _____
Пән атауы

Пән мазмұны

1 тақырып. _____
атауы

1.
Ұсынылатын әдебиеттер:

3 _____
Пән атауы

Пән мазмұны

1 тақырып. _____
атауы

1.
Ұсынылатын әдебиеттер:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 24-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

В қосымшасының жалғасы

4 Қорытынды аттестаттау кезінде білімді бақылауға арналған материалдар

4.1 Қорытынды аттестаттауға арналған сұрақтар

4.1.1 _____
Пән атауы

Сұрақтар.

4.1.2 _____
Пән атауы

Сұрақтар.

4.1.3 _____
Пән атауы

Сұрақтар.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 25-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

В қосымшасының жалғасы

Мысал: кешенді емтихан бойынша билетті рәсімдеу

**«ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Бекітемін»
Басқарма мүшесі –
академиялық мәселелер
жөніндегі Проректор
_____ А.М. Темербаева
_____ 2022 ж.

Емтихан билеті

_____ кафедрасы
(атауы)

Пән Кешенді емтихан №

_____ білім беру бағдарламасы
(шифр - атауы)

1. _____
2. _____
3. _____

Кафедра менгерушісі _____
(қолы, ТАӘ)


Бекітемін: Хағтама № _____ 20 ____ ж.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 26-беті
-------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Г қосымшасы
(міндетті)

Ф.01-2022

Келісу парағы

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы
Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректор	Темербаева А.М.	16.11.2022	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Оқу-әдістемелік кешенді рәсімдеу ережесі	ЕР Х-01-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.11.02 27-беттің 27-беті
-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Д қосымшасы
(міндетті)

Ф.02-2022

Танысу парағы

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы